

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ» ММ
«ХРОМТАУ ТАУ- КЕН
ТЕХНИКАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГУ «УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ»
ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЁННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ «ХРОМТАУСКИЙ
ГОРНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ ВЫСШИЙ КОЛЛЕДЖ»

031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Есет-батыр көшесі, 9 үй,
Факс: 8(71336) 21-0-46 Тел: 25-1-50

Исх. № 19/1

« 15 » 01 2024г

**Хромтау тау –кен техникалық жоғары
колледжінің Қамқоршылық кеңес жұмысының
комиссия мүшелеріне
(тізім бойынша)**

Ағымдағы жылдың **22 желтоқсанда сағат 15.00де, Хромтау жоғары колледжінің мәжіліс залында, колледждің қамқоршылық кеңестің кезекті отырыс болатынын хабарлаймыз.**

Күн тәртібінде:

1. 2023-2024 ж. Колледждің қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, төрағасын сайлау, жұмыс ережесімен таныстыру;
2. 2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек, көпбалалы студенттер жөнінде мәлімет; (әлеуметтік педагог Тулегенова М.К.)
3. 2023-2024ж. оқу жылындағы 2 жарты жылдыққа ыстық тамаққа ұсынылған құжаты жоқ студенттер тізімін қарау, бекіту.
4. 2023-2024ж. Колледждің қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарының бекітілуі;
5. Колледж қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің түрлі деңгейдегі іс- шаралардың ұйымдастырылуына, өткізілуіне қатысуы туралы;

Колледж директоры:



Б.К. Мулдашева

Орын. Корпебаева Ж.
Тел.8(71336) 21046
8 777 032 60 94

Хромтау тау- кен техникалық жоғары колледжі
Қамқоршылық Кеңесі отырысы
ХАТТАМА
№1

22 желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар:
Барлығы: 11
Қатысқаны: 12
Шақырылғаны: 1

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2023-2024 ж. Колледждің қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, төрағасын сайлау, жұмыс ережесімен таныстыру;
2. 2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек, көпбалалы студенттер жөнінде мәлімет; (әлеуметтік педагог Тулегенова М.К.)
3. 2023-2024ж. оқу жылындағы 2 жарты жылдыққа ыстық тамаққа ұсынылған құжаты жоқ студенттер тізімін қарау, бекіту.
4. 2023-2024ж. Колледждің қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарының бекітілуі;
5. Колледж қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің түрлі деңгейдегі іс- шаралардың ұйымдастырылуына, өткізілуіне қатысуы туралы;

1-ші мәселе бойынша Қамқоршылық Кеңес хатшысы Ж.Ө. Көрпебаева сөз алды.

Құрметті Қамқоршылық Кеңес мүшелері «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне орай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 6 наурызда №32011 болып тіркелді. Осы орайда Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және Қамқоршылық кеңесінің (бұдан әрі – Қамқоршылық кеңес) қызметін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібін айқындайды.

Жанар Өтеғұлқызы қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібіне тоқталды. Тиісті саланың уәкілетті органы немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган күнтізбелік жылдың 1 мен 10 қыркүйек аралығындағы кезеңде (Қамқоршылық кеңестің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап бір ай ішінде) Қамқоршылық кеңестің сайлануы жөніндегі конкурсты өткізу туралы хабарландыруды, оның атауын, сапалық құрамын, сондай-ақ Қағиданың 9-тармағына сәйкес құжаттар мен мәліметтер жіберілетін почта және электрондық мекенжайларды көрсете отырып, өзінің интернет-ресурсында және/немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Құжаттарды қабылдау хабарландыру орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күн өткен соң аяқталады.

Үміткерлер Қамқоршылық кеңесті сайлау және оның құрамы бойынша ұсыныстарды қабылдау туралы хабарламада көрсетілген мерзімде Комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтінім (еркін түрде);
- 2) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) қазақ немесе орыс тілдеріндегі түйіндеме;
- 4) білімі бар екендігі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);

5) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығының және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың жоқтығын растайтын құжаттар.

Үміткерлер өздерінің кәсіби (немесе) қоғамдық қызметі туралы қосымша мәліметтер ұсынады.

Қамқоршылық кеңестің құрамына білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері, сондай-ақ мемлекеттік, өкілді органдардың, жұмыс берушілер мен әлеуметтік әріптестердің, меценаттардың, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кіреді.

Қамқоршылық кеңес мүшелігіне үміткерлерді ата-аналар жұртшылығының жалпы жиналысында іріктеуден өткен білім беру ұйымдары ұсынады.

Жоғарыдағы қамқоршылық кеңесті сайлау тәртібінен өткен колледждің ҚК мүшелерімен таныс болайық. Олар:

1. Жаналин Ұлан Мубаракович – «Атамекен» КП Хромтау ауданы бойынша филиалының директоры
Мүшелері:
2. Балкибаева Майра Шалкарбековна – «АМАНАТ» партиясы Хромтау ауданының филиалының атқарушы хатшысы
3. Олжабаев Асхат Уларбекович – ш.ДНК құрылысы бойынша жобаның бас механигі
4. Мырзагельдин Қуаныш Танжарыкович – жергілікті полиция қызмет бөлімінің бастығы міндетін атқарушы полиция майоры
5. Сагинбаев Фархад Сулейменович – ДТКБ комбинаты Фоор сепараторашик, Хромтау ауданының АМАНАТ партиясының жанындағы жастар рухы жастар қанатының төрағасы
6. Тубатаев Айтжан Ахметович – колледж ардагер ұстазы
7. Зейноллаев Алмат Тұрсынбекұлы – «Хромтау газеті» журналисті
8. Сатова Айгуль Кеулимжановна – 1 курс студенті ата-анасы, мұғалім
9. Шуиншалин Керей Суинбаевич – 2 курс студенті ата-анасы, жүргізуші
10. Асылбек Нұрболсын – жастар ісі жөніндегі комитеттің төрағасы
11. Қауланов Нұрбатыр Асланбекұлы – студенттік өзін-өзі басқару ұйымы

Ендігі кезекте осы құрамнан ҚК төрағасын сайлауымыз керек.

Сөз алды:

«АМАНАТ» партиясы Хромтау ауданының филиалының атқарушы хатшысы Балкибаева М.Ш.

Бірнеше жылдан бері Хромтау жоғары колледжінің ҚК жұмысымен таныспыз, мені ұсынысым осы жылғы төрағалықты «Атамекен» КП Хромтау ауданы бойынша филиалының директоры Жаналин Ұ. М. Ұсынсақ.

Барлығы бір ауыздан келісті.

2-ші мәселе бойынша әлеуметтік педагог М.К. Тулегенова сөз алды.

2023-2024 оқу жылының 2 жарты жылдығындағы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, әлеуметтік аз қамтылған, мүгедек, көпбалалы студенттер жөнінде мәлімет берді. Яғни колледждің әлеуметтік паспортымен таныстырды. Әлеуметтік паспортымен қосымша №1 көре аласыздар.

3-ші мәселе бойынша ҚК төрағасы Ұ.М. Жаналин сөз алды.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы №320 Қаулысының 5-тармағы (ҚР Үкіметінің 16.08.2023 № 689 Қаулысы) негізінде, колледж студенттерін бюджеттен бөлінген қаржыға ыстық тамақпен (ақшамен) қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттер (Осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген санаттағы азаматтар техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқыған кезеңде олардың жатақханада тұру шығыстарын мемлекет жылына 2024 жылғы 03 қаңтардағы жағдай бойынша белгіленген жиырма тоғыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын мөлшерде өтейді).

Бәрімізге белгілі 2024ж. оқу жылындағы 2 жарты жылдыққа ыстық тамақпен қамтылатын студенттер санында өзгерістер болады. Соның бір мәселесі ыстық тамаққа ұсынылған құжаты жоқ аз қамтылған, толық емес отбасыда тәрбиеленіп отырған, анасы түрмеде отырған студенттер тізімі бар. Осы отырыста аталған студенттердің тізімін қарап, колледж ыстық тамақ тізіміне енгізуге қарасақ деп едім.

1. Жарылқасын Жәнібек №102 топ студенті (ата-анасы ажырасқан, қазіргі таңда кіші сіңлісі әкесінде, анасы түрмеде отыр, атасының тәрбиесінде зейнетақыға күн көріп отыр)
2. Жәнібек Нұржан №102 топ студенті (ата-анасы жұмыссыз)
3. Әділхан Әли №102 топ студенті (ата-анасы ажырасқан, ағасы студент, жалдамалы пәтерде тұрады, анасы жұмыссыз)

4. Кунаев дмитрий №104 топ студенті (әкесі мүгедек алайда анықтамасы жоқ, жалдамалы пәтерде тұрады, анасы жоқ)

5. Черныш Роман №101 топ студенті (анасы қайтыс болған, әкесімен тәрбиеленіп отыр, әкесі жұмыссыз)

6. Қуантай Аяна №106 топ студенті (анасы жоқ, әкесі жұмыссыз, отбасында 3 баланы тәрбилеп отыр)

7. Қуантай Нұржас №202/1 топ студенті (анасы тастап кеткен, жалғыз әкесінің тәрбиесінде, әкесінің тұрақты жұмысы жоқ)

8. Сисекен Қасым №205 топ студенті (әкесі қайтыс болған, анасы жұмыссыз, ағасы студент)

9. Уксукбай Санжар №202/1 (ата анасы ажырасқан, анасымен тәрбиленеді, жалдамалы пәтерде тұрады)

10. Искендинова Гульдана №403 топ студенті (анасы мүгедек, әкесі жоқ, жалдамалы пәтерде тұрады)

Дәулетов Мирас №105 топ студенті (әкесі жоқ, анасы жұмыссыз)

Сөз алды:

Колледждің ардагер ұстазы Тубатаев Айтжан Ахметович.

Тізімдегі студенттермен толық танысып шықтық, колледждің ыстық тамаққа ұсынылған тізіміне қосуға бір ауыздан қолдаймыз деп есептеймін.

4-ші мәселе бойынша ҚК хатшысы Ж.Ө. Көрпебаева сөз алды

2023-2024ж. колледждің қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспарымен таныстырды. Барлығы бір ауыздан келісіп, бекітуге ұсынды.

5-ші мәселе бойынша ҚК төрағасы Жаналин Ұ.М. сөз алды

Қамқоршылық кеңес колледждің дамуына ықпал ететін және колледждің қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз ететін алқалы басқару орган ретінде колледж қамқоршылық кеңесінің мүшелерінің түрлі деңгейдегі іс- шаралардың ұйымдастырылуына, өткізілуіне қатысуы керек.

Қаулы:

1. Қамқоршылық Кеңес мүшелері «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне орай Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 1 наурыздағы № 56 бұйрығына сүйеніп жұмыс жасасын

2. Колледждің әлеуметтік паспортындағы студенттермен жұмыс жалғастырылсын.

3. ҚК мүшелеріне ұсынылған студенттер колледждің ыстық тамаққа ұсынылған тізіміне қосылсын.

4. 2023-2024ж. колледждің қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары бекітілсін.


5. Колледж ҚК мүшелері колледжішілік іс- шаралардың ұйымдастырылуына, өткізілуіне қатысуы тиіс.

Қамқоршылық
Кеңес төрағасы



Ұ.М. Жаналин

Хатшы



Ж.Ө.Көрпебаева